

«Бекітемін»

Мектеп-лицей - директоры:

А.М.Кисикова

« 03 » 09 2025 ж.

Тәлімгерлік жұмыс

Кудьярова Жанар Мухамбетказыевна

ағылшын тілі пәні мұғалімі

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Әдiлет

Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 сәуірде № 20486 болып тіркелді.

"Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш. Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 24 сәуірдегі
№ 160 бүйрығымен
бекітілген

Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар "Педагог мәртебесі туралы" 2019

жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және орта білім беру үйымдарында тәлімгерлікті үйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру үйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісken адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі;

2) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе үйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

2-тарау. Тәлімгерлікті үйымдастыру тәртібі

3. Орта білім беру үйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіrіsken педагогке (бұдан әрі – педагог) бір оку жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог (бұдан әрі – тәлімгер) бекітіледі.

4. Тәлімгердің кандидатурасы педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және педагог жұмысқа қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орта білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Бір педагогке бір тәлімгер бекітіледі.

5. Тәлімгерлікті үйымдастыруды үйлестіруді орта білім беру үйымы басшысының оку ісі жөніндегі орынбасары (бұдан әрі – басшының орынбасары) жүргізеді және ол:

тәлімгерлікті тағайындау туралы бұйрық жарияланған педагогті таныстырады;

бейімдеу жоспарын жасауға практикалық көмек көрсетеді және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

тәлімгерлікті үйымдастыру тәжірибесін зерделейді және қорытады, тәлімгерлікті одан әрі жетілдіру үшін орта білім беру үйымының басшысына негізделген ұсыныстар енгізеді.

6. Тәлімгерлік процесін үйымдастыру үш негізгі кезеңді қамтиды.

Бірінші кезең (кіріспе): тәлімгер күнтізбелік 10 (он) күн ішінде педагогтің кәсіби дайындық деңгейін анықтайды.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша тәлімгер 5 (бес) жұмыс күні ішінде педагогтің дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика жүргізеді, сондай-ақ диагностиканың нәтижелерін ескере отырып, бір оку жылы кезеңіне арналған тәлімгерлік жоспарын (бұдан әрі – Тәлімгерлік

жоспары) әзірлейді, ол басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарымен келісіледі және орта білім беру үйымының басшысымен бекітіледі.

Екінші кезең (негізгі): тәлімгер Тәлімгерлік жоспарын іске асырады және бір оқу жылы ішінде кәсіби даму және психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу бойынша жұмыс жүргізеді.

Үшінші кезең (корытынды): тәлімгер оку жылының корытындысы бойынша педагогикалық кеңестің отырысына тәлімгерлік нәтижелері туралы есеп дайындауды, онда Тәлімгерлік жоспарының іс-шараларын іске асыру корытындылары көрсетіледі және іс-әрекетте практиканы жетілдіру үшін ұсынымдар береді.

7. Тәлімгерлік кезеңінде педагог:

- 1) өзінің кәсіби деңгейін, үйымдастыру шылдығын, тәртібін арттыру, практикалық дағдыларды менгеру үшін үнемі жұмыс істейді;
- 2) тәлімгерден жұмыстың тиімді формалары мен әдістерін қолданады;
- 3) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәлімгердің ұсынымдарына сүйенеді;
- 4) орта білім беру үйымының тәлімгері мен басқа да педагогтерінің сабактарын бақылайды және оларды талқылауға қатысады;
- 5) ынтымақтастықтың аралық нәтижелерін бағалау үшін әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің отырыстарында өз жұмысын ұсынады;
- 6) басшының орынбасарына тәлімгерлермен жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға енгізеді;
- 7) ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысады;
- 8) Тәлімгерлік жоспарында көзделген іс-шараларды орындауды.

8. Тәлімгерлік жоспары мыналарды қамтиды:

- 1) кері байланыс беру арқылы педагогтің сабактарына қатысу (айна 2 реттен кем емес);
- 2) педагогтердің жекелеген санаттарының, оның ішінде сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп ресімдеу және толтыру;
- 3) кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша педагогтің консультациясы:
лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту;
- педагог кәсібін, сабактарды сапалы өткізу дің практикалық әдістері мен тәсілдерін менгеру;
- білім беру процесін үйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану;

4) педагогпен кәсіби әңгімелесу және / немесе жеке коучинг;

5) сабакты, әдістемелік семинарларды, мастер-кластар мен тренингтерді зерттеу бойынша мектеп топтарына қатысу;

6) педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу;

7) орта білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну.

9. Тәлімгер мынадай жағдайларда ауыстырылады:

1) тәлімгер жұмыстан босатылса немесе басқа жұмысқа ауысса;

2) тәлімгер дәлелді себеппен жұмыста екі аптадан артық болмаса;

3) тәлімгердің оны тәлімгерліктен босату туралы негізделген жазбаша өтініші болса;

4) педагогтің тәлімгерді ауыстыру туралы негізделген жазбаша өтініші болса.

10. Тәлімгерді тәлімгерліктен босату және педагогке жаңа тәлімгерді бекіту арасындағы кезең бес жұмыс күнінен аспайды.

11. Тиімді тәлімгерлік тарараптардың өзара мүдделілігі, тәлімгерлік процесін әкімшілік бақылау және ынтымақтастықтың аралық нәтижелерін шыгару жағдайында жүзеге асырылады.

12. Тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

13. Тәлімгерлер резервін педагогикалық кеңес осы Қағидалардың 14, 15-тар мақтарында белгіленген талараптарға сәйкес, орта білім беру ұйымының басшысы мен басшының орынбасарларын қоспағанда, барлық жұмыс істейтін педагогтер қатарынан әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша қалыптастырады.

3-тарау. Тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар

14. Шағын жинақты мектептегі тәлімгерден басқа, тәлімгер мынадай талараптарға сәйкес болуы қажет:

1) "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер" біліктілік санаты;

2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы;

3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасы кемінде 60% - 70% .

15. Шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талараптарға сай болуы қажет:

1) "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер" біліктілік санаты;

2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы;

3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60%.

© 2012. Казакстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткы ақпарат институты» ШДЖК РМК

Тәлімгерлікті іске асыратын педагог туралы мәлімет

Тері, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)	Кудьярова Жанар Мухамбетқазыевна
Білімі	жогары
Қандай оку орнын қашан бітірді	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 1996ж
Дипломы бойынша мамандығы	ағылшын тілі пәні мұғалімі
Педагогикалық өтілі	29 жыл
Лауазымы	ағылшын тілі пәні мұғалімі
Тәлімгер жұмыс істейтін сыйынтар	6, 7, 9, 10, 11 сыйынтар
Біліктілік санаты	педагог-зерттеуші
Жұмыс мақсаты	Жас маманиң бірінші жыл жұмыс өтілі бойынша , оның жеке қасиетін байқап және ескере отырып, оның бойындағы окушыларға деген ізгіліктік қатынастарды, құзіреттіліктерді, бастамашылдықты, жауапкершілігін бағалай отырып, оқытуың мақсатына жетуді қамтамасыз ететін кәсіби шеберлігі мол маман болып шығуына әдістемелік көмек көрсету
Міндеттері	жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету және олардың жаңа кәсіби мәртебеге бейімделуін жөнілдету;
Жұмыстың негізгі бағыттары	-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық күжаттамамен жұмыс; -мектеп күжаттамасымен жұмыс істеуге көмек; -жұмыс бағдарламаларын, сабак жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кенес беру; -оқу сабактарын ұйымдастыруға көмек; -диагностикалық жұмыстар жасауға және талдауға көмек; -өзара сабакқа катысу.
Корытынды	Жас маманиң педагогикалық қызметін бағалау. Жүргізілген жұмыс туралы бірлескен есеп

Тәлімгерлік жоспары 2025-2026 оку жылы

Жас маман туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Тлеген Хадиша Нұрланқызы
Білімі	жоғары
Қандай оқу орнын кашан бітірді	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025 жылы
Педагогикалық практика корытындысы	өте жаксы
Лауазымы	ағылшын тілі пәні мұғалімі
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	4,8,9,10 сыныптар
Сынып жетекшілігі	-

**Тәлімгерлікті іске асыратын педагогтің қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және оның мазмұны
бойынша іс-шаралар**

№	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
1	2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат және Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңы, нормативтік-қықықтық құжаттамамен таныстыру Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру	әнгімелесу, көрсету	кыркүйек
2	Жас маманга «Bilimclass.kz» электронды журналының жүргізуіне нұсқау беру Бағдарламаға сүйеніп күнтізбелік жоспар және ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құруды үйрету	көрсету	кыркүйек
3	Жас маманды сабак түрлері және оның құрылымымен таныстыру Жас маманды мұғалімдердің динамикалық өсу картасымен (мұғалімдер мониторингі) таныстыру	әнгімелесу, көрсету	кыркүйек
4	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	кыркүйек (айна 2 рет)
5	БЖБ; ТЖБ құрастыру үлгілері бойынша жұмыс	әнгімелесу, көрсету	қазан
6	Сабак үстінде окушылар қызметін ұйымдастыру жолдары	әнгімелесу	қазан
7	Сабак барысында әр түрлі деңгейдегі окушылармен жұмыс жүргізу жолдары Білім беру технологиялары туралы әдебиеттер мен басылымдарға шолу жасау	кәсіби әнгімелесу	қазан
8	Сабак материалдарын әзірлеу және өткізуге көмектесу Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік нұсқау беру	қазан (айна 2 рет)
9	«ҚМЖ құру арқылы табысты сабакқа кол жеткізу»	кәсіби әнгімелесу	қараша
10	Жас маманды сабак түрлері және оның құрылымдарына шолу жасау	әнгімелесу, көрсету	қараша
11	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	қараша (айна 2 рет)
12	«Кері байланыс әдістері мен тәсілдері»	тренинг	желтоқсан
13	«Қарым-қатынас құруды үйренемін» тақырыбындағы кәсіби әнгімелесу, педагогикалық жағдайларды талдау	кәсіби әнгімелесу талдау	желтоқсан

14	«Заманауи білім беру технологиялары, оларды оку процесінде қолдану»	шебер сынып	желтоқсан
15	Әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну. Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	желтоқсан (айна 2 рет)
16	Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қалыптастыру	тренинг	қантар
17	Жас маманның шыгармашылық деңгейін дамыту мақсатында мектептегі шыгармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл ұстаздардың сабактарына қатыстыру	шебер сынып	жыл бойы
18	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	қантар
19	«Ұстаз » порталымен жұмыс жасау бойынша нұсқау беру	әңгімелесу, көрсету	ақпан
20	Онлайн семинарларға, вебинарларға, шебер-кластарға қатыстыру	әдістемелік көмек беру	жыл бойы
21	Дарынды оқушылардың жұмысын үйымдастыру жолдары	зерттеу қызметі	ақпан
22	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	ақпан
23	«Сабак берудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану - жоғары сапага қол жеткізу»	тренинг, әңгімелесу	наурыз
24	Сабактағы тиімді кері байланыс	тренинг, әңгімелесу	наурыз
25	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	наурыз
26	Сабак барысында әр түрлі ресурс түрлерін тиімді қолдана білу	әңгімелесу, көрсету	жыл бойы
27	Токсан соңында және оку жылы аяқталған соң жасалатын жұмыстармен таныстыру	әңгімелесу, көрсету	жыл бойы
28	«Сабактың мақсатын қалай дұрыс қою керек: SMART мақсат».	Тренинг, әңгімелесу	жыл бойы
29	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	сәуір
30	Багалау талаптарымен, критерийлерімен таныстыру	әдістемелік көмек беру	жыл бойы
31	Жас маман сабагына қатысу	әдістемелік көмек беру	жыл бойы
32	Педагогикалық кеңестегі тәлімгердің тәлімгерлік нәтижелері және тәлімгерлік іс-шаралар жоспарын іске асыру	есеп беру мониторинг	мамыр